



Егемен Қазақстан



Egemen.kz

Балалар құқы басым қорғалады

Біздің елімізде кәмелетке толмағандардың құқы мен заңды мүдделерін қорғау мемлекеттің әлеуметтік-құқықтық саясатының басты бағыттарының бірі болып табылады. Сондықтан сонау 1994 жылы-ақ Қазақстан БҰҰның Жасөспірімдердің құқы туралы халықаралық конвенцияны қуаттаған еді. Осы Конвенция талаптарын іске асыру үшін 2002 жылы «Баланың құқығын қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Одан соң 2003-2006 жылдары «Қазақстандағы ювеналдық әділет» атты халықаралық жоба іске асырылды. Сөйтіп, осының аясында 2007 жылы Мемлекет басшысының Жарлығымен Астана және Алматы қалаларында алғашқы тәжірибелік ювеналдық соттар құрылды. Ал 2012 жылы Мемлекет басшысының Жарлығымен осындай соттар республиканың барлық облыс орталықтарында және кейбір ірі қалаларда құрылды. Осылайша бүгінде – Орталық Азия мемлекеттерінің ішінен тек Қазақстанда ғана 19 ювеналдық сот жұмыс істеуде.

Бұл туралы кешегі өткен брифингте де айтылды. Оған қатысқан Жоғарғы Соттың азаматтық және әкімшілік іс бойынша қадағалаушы алқа сотының судьясы Ғ.Аққуова, Жоғарғы Соттың азаматтық және әкімшілік іс бойынша қадағалаушы алқа сотының судьясы А. Қасымов және Астана қаласының кәмелетке толмағандар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрайымы Н.Раззак төмендегі жайларға кезекпе-кезек тоқталып, барынша әңгімелеп берді. Судья Г.Аққуова Жоғарғы Сотта кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының қызметіне талдау жасалғанын айта келе, оның басты мақсаты – ювеналдық соттар жұмысының тиімділігін, сот тәжірибесін және осы соттар жұмысын ұйымдастырудың халықаралық қалыптарға сәйкестігін зерделеу болғандығын жеткізді. Ол аталған талдау еліміздегі сот төрелігін жүзеге асыру сапасының жақсарғандығын көрсетті дейді.

«Мәселен, – дейді ол – 2014 жылы соттарға 25 899 өтініш пен іс түссе, олардың 8 527-сін азаматтық, 14 038-ін әкімшілік және 3 334-ін қылмыстық іс құраған. Бұл 2013 жылмен салыстырғанда 0,7 пайызға аз».

Осы ретте сотталғандардың саны да 33 пайызға қысқарса, ақтау үкімдерінің саны 39-дан 115-ке, яғни үш есеге артқан. Бұған медиация тәртібімен 7,3 пайызға көбейген істі қосуға болады екен. Сөйтіп, судья Г.Аққуованың айтуынша, біздің еліміз Бала құқықтары туралы конвенцияда және балалар құқықтарын қамтамасыз ету саласындағы өзге де халықаралық актілерде көзделген барлық міндеттемелердің орындалып отырғандығын жеткізді. Бұл тұжырымдар ЮНИСЕФ ұйымы тарапынан расталған екен. Осы жүргізілген зерттеуге қарағанда, мамандандырылған соттар құру үлгісі кәмілетке толмағандарға қатысты іс материалын неғұрлым мұқият зерттеуге ықпал еткен. Сонымен қатар, дауларды шешу және құқық бұзушылықтар мен қылмыстар туралы істерді қараудағы күтілген тәсілдерді қамтамасыз еткен көрінеді.

Бұдан кейін сөз алған Жоғарғы Соттың азаматтық және әкімшілік іс бойынша қадағалаушы алқа сотының судьясы А.Қасымов та алдындағы баяндамашының пікіріне толық қосылатындығын айта келіп, елімізде сот төрелігін жүзеге асырудағы кәмілетке толмағандардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау бағытында қалыптасқан сот тәжірибесіне тоқталды. Статистикалық деректерді салыстырмалы талдау ювеналдық соттардың көп жағдайда сотталғандарды бас бостандығынан айырумен байланысты емес жаза тағайындағанын көрсеткен. Мәселен, өткен жылы сотталғандардың 15,4 пайызы бас бостандығынан айыруға сотталса, 13,5 пайызына шартты соттау жазасы қолданылған. Осылайша баяндамасын жалғастырған А. Қасымов барлық қылмыстық істердің процессуалдық заңда белгіленген мерзімде қаралғандығын да алға тартты.

Ал елордамыздағы ювеналдық соттардың жұмысы туралы әңгімелеген Н.Реззак, сот істерінің тәжірибелік мысалдарының негізінде заңнамадағы жаңашылдықтарға қатысты, соның ішінде кейбір әкімшілік істердің қылмыстық теріс қылықтарға өтуіне байланысты өрбіген бірқатар өзгерістерге шолу жасады. Ювеналдық сот – соттың арнайы құрамы ғана емес, ең бастысы кәмілетке толмағандарға қатысты сот төрелігінің жазалау әдістерінен бас тартуы, яғни жазалау емес, тәрбиелеу маңызы басым сот ісі болып табылады. Осылайша Н. Реззактың айтуынша, Астана қаласында мамандандырылған сот жұмыс істегелі бері кәмілетке толмағандарға қатысты бас бостандығынан айыру жазасы олардың тек 5,5 пайызына ғана жүзеге асқан. Демек, бұл әрбір кәмілетке толмаған адамға барлық ювеналдық технологияларды жаза тағайындаудың ювеналдық соттармен байланысты баламалы шараларын енгізе отырып қолданылатындығына дәлел болып табылады.

Абай ТАСБОЛАТОВ